

ЕЛБАСЫНЫҢ «ЭКСПО-2017»-ГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚ ЕЛІН КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫНА ЖҰМЫЛДЫРУ ЖӘНЕ ОСАҚАРОВ АУДАНЫНЫҢ КӨГАЛДАНДЫРУ ТАРИХЫ

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев жылдағы халқына жолдауында қазақ жерінің қуаншылдыққа айналып бара жатқанын ескеріп «Жасыл ел» бағдарламасына көңіл бөліп, еліміздің бас қаласы Астана қаласынан бастап, барлық облыстар мен қалаларды көгалдандыру және абаттандыруға, еліміздің экологиясын жақсартуға, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, қоршаған орта - табиғатты аялауға бағыттайды. Елбасымыз бұл бағдарламамен екі бірдей мәселені шешіп отыр: біріншісі экологиялық болса, екіншісі қазақстандықтардың жұмыстапшылығының азаюы.

«ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің алдына Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясында «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша ұсыныстар енгізу тапсырмасы қойылды. Бағдарлама тек табиғатты қорғау мен экологияны сақтау ғана емес, жастардың тәрбиесі мен еңбекке баулуға да бағытталған. 2008 жылдан бастап ірі жұмыстар атқарылуда. Бағдарламаға 200 мыңдай адам ат салысып, 44 млн-дай ағаш отырғызылған. 2014 жыл бағдарламаның соңғы жылы болғанымен, бүгін ҚР Үкіметінің отырысында 2015-2017 жылдары «Жасыл ел» бағдарламасын жалғастыру туралы шешім қабылданды. 2015-2017 жылдарға арналған бюджетті дайындау барысында «Жасыл ел» бағдарламасына да қаражат қарастырылады», - дейді еліміздің басшысы. Биыл «Жасыл ел» жасақтарының Х мерейлі еңбек маусымы болса, ал студенттік құрылыс жасақтарының құрылғанына 55 жыл толады. «Жасыл ел» бағдарламасы жұмыстарының нәтижесі көзбен көрерліктей. Мысалы, 2005 жылдан бастап жастардың еңбек жасақтарының қызметінің қамтылған елді мекендердің саны 36 қала мен ауылды құраса, 2014 жылы бұл сан үш есеге өсіп, 118-ге жетті. Кең ауқымды аумақтық қамту қалалық жастарды ғана емес, ауылдық, шалғай елді мекендердегі жастарды тартуға мүмкіндік береді. Осы мақаланың өзектілігі Осақаров ауданының көгалдандыру тарихына тоқталып өтсек. Негізі бұл жайлы мағлұмат өте аз. Егер біз өлкенің қалыптасу тарихын зерттесек, онда осы тарихты жасаған репрессияға ұшыраған ғалымдар мен аты тарихта қалмаған «Карлаг» тұтқындарының еңбектерін ашамыз. Мұрағат материалдарын зерттеу әлі де жалғасуда. Репрессия қуғындарының адал атын жаңғырту үшін араға 70 жыл уақыт керек болды. Репрессия жылдары туралы аз кітап жазылған жоқ, лагерь тозағында болған тұтқындардың естелігі де жарық көрді. Бірақ зерттеушілер әлі де жаңа есімдер мен тарихқа белгісіз оқиғаларды ашып, жария етуде. Карлагтың әлі де ашылмаған құпиялары жеткілікті. Ендеше тарихтың бұл беті, әлі де болса жабылған жоқ [1].

Осакаров елді мекенінің қалыптасу тарихы Ұлы Октябрь революциясына дейін Осакаров ауданының даласы игерілмеді. Тек Украина, Белоруссия, Поволжьеде келген көшпенділерден тұратын бірнеше ғана елді мекендер болды. (Аудандық мұражай деректері, 1984 жыл). Көбі өз еркімен келген жерге құштар шаруалар болса, ал қалғандары үкімет рұқсатымен қоныстанды. Кішігірім учаскілерде бидай, арпа, сұлы өсіріп, мал ұстап күнделікті тұрмысын жалғастарды. Сөйтіп көшпенділер өз елінің ғасырлық тәжірибесін әкеліп, қазақ халқының мал өсіру, баптау, суармалы егіншілікпен шұғылдану тәжірибесімен алмасты.

1905-1910 ж. көшпенділерден құралған Осакаров ауданының барлық елді мекендері Ақмола уезіне қарады. Ал 1930 ауданда №1, 3, 4, 5, 6, 9, 11 ауылдары бой тікті [2].

1931 жылдан бастап Қарағанды облысы өз еркіне қарсы, 58-ші баппен тұтқынға алынған, айдауға жіберген адамдармен толды. Осы саяси қуғынға ұшыраған адамдардың еңбегімен Осакаров ауданының көптеген елді мекендері салынып, абаттандырылды. Осакаров ауданындағы лагерде болған, Тольятти қаласының тұрғыны, зейнеткер 67 жастағы Николай Федорович Бабенковтың естелігінен: «Жас ұрпақ біз туралы кулак-байлар оларға жоқ деп ойлайтын шығар, жоқ біз тек жұмыс істей білетін, жерді қадірлей білетін, қазіргі уақытпен салыстырсақ орташа отбасынан едік. Жер аударудың қаталдығы, жоспарсыздығы туралы ерекше айту керек. Біз 30-жылдардың ұрпағы, барлығы есімізде, мінсіздіктің куәгеріміз. Қысқа жер-барактар салу үшін жер қабатынан күрекпен кірпіш кестік. Бірінші жылғы қыста суықтан, аштықтан, тиф, цинга мен дизентерия ауруларынан адамдар шыбындай қырылды. Мәйіттерді ортақ траншеяға көмді. Аты-жөні жазылмады, тек қана адам көмілгені туралы тақташада сандар ғана жазылды. Тірі қалғанымыз, көктем шығысымен далаға қымыздық, жуа теруге жасырын барып күн көрдік. Егер комендатура көріп қойса, карцерге қамайтын. Мен №4 поселкіде тұрдым, ол жерде 2 жерлеу орны болды. Біріншісінде тамыздың 1931-1932ж. жаз айларында, екіншісінде 1932ж. жазынан бастап жерлеулер жүріп жатты. Бұл зираттар май заводына жақын. Мен осы сұрапыл жылдардың ұлымын, бірақ болашаққа деген ұмтылыс мені «адам» - тұлға етіп шынықтырды. Мамандығым инженер болып зейнеткерлікке шықтым. Бала кезімде өлең жазатынымын, естеліктің соңында естен кетпейтін бір шумақпен бітіргім келіп отыр:

А сколько в верховье Ишима
Погибло на всех
спецпоселках? Кто знает, кто
может сказать?

Тут нетobelisksov, тут все
распахали Мы, дети России
тридцатых годов, Безвинно
погибших всех помним

(«Сельский труженник» газеті, 1988 жыл, шілде) [3].

Саяси қуғын тұтқындары қайта жаңару үшін көп еңбек етті. Спецпоселкідегі үкімет басында сауатсыз коменданттардың қолында болып, адам түршігерлік түртіп орнатты. Саяси қуғын тұтқындарының ішінде

тәжірибелі маман иелері болды: дикандар, бағбандар. Осы адамдар құлан далада кенттер салып, артельдің колхоз бен совхоздардың ауылшаруашылық кадрларын толықтырды [4].

1940 жылы ҚазССР-ның Жоғары Кеңесі қаулысы бойынша «Қарағанды облысының құрамындағы, Осакаров ауданының орталығы Осакаров кенті құрылды» деп аталып өтті. Ауданның құрамында Тельман ауданының 30 колхозы, Ударная МТС, Трудовая МТС, Литвинов МТС, Тельман атындағы совхозы кірсе, «1 август» совхозы (Святогоровка), «8 март» совхозы (Окольное) Вишневка ауданына кірді. Ауданның алғашқы құрылған күнінен бастап, аудандық комитеттің бірінші хатшысы болып А.А.Чаругин сайланды. Жұмысын 1949 ж. дейін атқарды [5].

1941 жылы 22 маусым Ұлы Отан соғысы басталды. Осакаровканың көптеген тұрғындары жауға қарсы аттанды. Бірінші болып, фронтқа №1 ОМ директоры П.М.Пантелеев пен 100-ден астам мектеп түлектері Отанын қорғау үшін соғысқа аттанды. Осы адамдардың құрметіне мектеп ауласында обелиск орнатылған.

Осы бір соғыс жылдарында ауылдастарымыз көптеген жетістіктерге жетті. 1940 жылы 9 айдың ішінде халықтық құрылыс әдісімен «Ақмола-Қарталы» магистралі салынды, ұзындығы 806 км. Бұл магистраль Орталық Қазақстанды Оралдың оңтүстігімен байланыстырды. Бұл құрылыстың ауылшаруашылық және қорғаныс маңыздылығы болды. Евдокия Федоровна Греченюктің естелігінен: «Осакаровканың батысында кіре берісте ПЧЭСТР орналасқан, майданға отын керек болып, Қарағанды-Ақмола теміржолына қосымша жол торабын салу үшін 1942ж. майданның шұғыл құрылыс бөлімі Осакаровкаға келетін болды. Қыздардан құралған бригада барлық ауыр жұмысты орындадық, жер қаздық. Көктемде егін себумен айналысып, солдаттарға көкөністер отрығыздық. Міне, солай жеңісті жақындаттық», - дейді қарт зейнеткер [6].

Кейіннен 1953 жылы Окольное, Святогоровка, Октябрь елді мекендері «Путь к коммунизму» атты колхозға бірікті. «Вильгем Пик» совхозының құрамына «Хлебороб» қазіргі Батпак ауылы, «Большевик» қазіргі Кондратьевка ауылы, «Молотов» атындағы колхоз («Новая Москва» селосы), «Арбайтер» («Крестовка» селосы), «Энгельс» (Красный Кут), «Найдорф» (Новый Кронштадт) колхоздары кірді. 1972ж. наурызына дейін Осакаров ауданы құрамында «Коммунар», «Тракторист», «Шидертинский» совхоздары болды. 1972ж. наурызынан бастап ҚазССР-нің қаулысы бойынша «Молодежный» ауданы құрылды. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң Молодежный мен Осакаров ауданы бірікті.

Осакаров ауданының көгалдандыу тарихына көз жүгірстек, көптеген тарихи фактілер көңілді алаңдатады. Мысалы, Осакаров ауданын көгалдандыру ісін дамытуға, тыңды көтеруге, дренаж жұмыстарын жасауға үлес қосқан адамдар туралы мәлімет өте аз. Ауданның құрылған уақытынан бастап, осы бағытта еңбек атқарған адамдарды іздестіріп қысқа мәліметтер жинастырдық [7-9].

1973ж. «Коллективный» колхозында 11,5 га жерге қарды тоқтату мақсатында орман жолақтары отырғызылды. Бұл идея басқа да колхоздарға таралды. Көгалдандыру ісін бригадир Холодков басқарды. «Трудовик» колхозында аумағы 14 га жерде Н.Н.Чернов жеміс-жидек бағын өсірді. Бақта Сібір алмасы, Канада алхорысы, амур шиесі отырғызылды. Интродуценттердің аклиматизациядан өтуі, бұл бағбанның тәжірибесі мен білімі мол екендігін айқындайды. «Токсумак» колхозында орман мелиораторы П.А.Измайлов көшеттердің 96% өнуіне жағдай жасады [10].

Мәліметтер бойынша, Халық жауы, 58-баппен Карлагта тұтқындалған Инженер Вишневский дренаж жұмыстарының 20-дан астам жобасын жасап, біздің елді мекенде қолданған екен. Вишневский Карлагта тұтқында болған «Теплотехника мен Архитектура» академиясының мүше-корреспонденті В.Л.Присецлавскиймен жақсы таныс болған дейді. (Спецпереселенцы в Карагандинской области. Сборник документов и материалов. Караганда, 2007 год)

1940 ж. ауылшаруашылық көрмесінде «Ударная МТС» жүздегер болып, бірінші дәрежелі дипломға 10000 сомның жеңіл көлігіне ие болды. Қосымша сыйлық Осакаровка тәжірибе алаңында берілді. Бұл алаңда әр түрлі дақылдардың 78 сорты өсірілді. Өкінішке орай тәжірибе алаңын басқарған ботаниктер мен агрономдар туралы ешқандай мәлімет болмады.

Мелитополь мелиораторный техникумның студенттері ауданда алғашқы дренаж жұмыстарын жүргізді. Қандай профессор басқарғаны туралы мәліметті нақты кездестірмедік [11].

Ізденіс жұмыстарының нәтижесінде елді мекеннің құрылу тарихына шолу жасалып, соның барысында Қарағанды жерін игеруге ат салысқан саяси қуғын-сүргін құрбандары әйгілі ғалымдардың аттары тарихта қалмайтынын біле тұра, үлес қосқан тұтқындар жөнінде зерттеу жүргізіліп, мәлімет жинақталды. Өкінішке орай, осы тарихи жағдайға куәгер болатын адамдардың сиреп кетуі, мұражайларда НКВД құпиясы алынбаған көптеген құжаттарды зерттей алмайтынымыз, тарихтың толық келбетін суреттеуге кедергі жасайды. Келешекте орталық архив бөлімі мұражайлармен байланыс жасап, тарихын болашақ ұрпаққа жеткіземіз деген сенімдеміз [12-13].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бугай Н.Ф. «Депортация этнических общностей: проблемы реабилитации в России и Казахстане» / «Россия и Казахстан: проблемы истории» (XX и начало XXI века). – М., 2006.

2. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. «Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства». - А., 1992.

3. Алдажуманов К.С. «Крестьянское движение сопротивления» / «Депортированные в Казахстан народы: истории и судьбы». - А., 1998.

4. Алдажуманов К.С. «Открытые судебные процессы в Казахстане» / «Материалы круглых столов и семинаров». – А., 1996.

5. Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. «Карлаг». – Караганда, 1997.

6. «Спецпереселенцы в Карагандинской области», «Сборник документов и материалов». – Караганда, 2007.

7. «Книга скорби. Расстрельные списки. Том 3. Карагандинская область». – Алматы, 1997.

8. Қамысбаева Қ. «Азапты еңген аналар» / «Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал». - № 3, 2009.

9. Аршабеков Т.Т. «Атамекен». – Қарағанды, 2002.

10. Архив НИЦ «Мемориал» интернет материалдары.

11. Дильманов С. «Исправительно-трудовые лагеря на территории Казахстана». – А., 2002.

12. Книга памяти «Узницы АЛЖИРа» интернет материалдары. Кузнецова Е. «Ветер времени сушит траву забвения» / «Индустриальная караганда». – 11.10.1991.

13. «Сельский труженник» газеті. – Қарағанды, шілде, 1988. 30 мамыр, 2009.

Репозиторий ҚарМУ